КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2023 жылғы 01 желтоқсан №7119-23-00-2/13633 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.Д.Нургалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің "Техникалық шығармашылық орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Балгын» атынан - Долдаева Балғын Ержанқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Астана қаласы әкімдігінің "Техникалық шығармашылық орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жеке кәсіпкер «Балгын» атынан - Долдаева Балғын Ержанқызына қойған мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбының сомасын өндіріп алу туралы қойған талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Балгын» атынан - Долдаева Балғын Ержанқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Балгын» атынан - Долдаева Балғын Ержанқызынан мемлекет кірісіне 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Балгын» атынан - Долдаева Балғын Ержанқызынан Астана қаласы әкімдігінің "Техникалық шығармашылық орталығы"

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының пайдасына 1204 (бір мың екі жүз төрт) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы, 400 (төрт жүз) теңге мөлшерінде банк коммисиясы және 36 (отыз алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Ж.Д.Нургалиева**

Құжатқа қол қойылған: Нургалиева Ж. Д., 01.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 12.01.2024, судья Нургалиева Ж. Д., 13.01.2024

7119-23-3-1/13437